

Жітіқара ауданы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Қостанай облысы Жітіқара ауданы мәслихатының 2026 жылғы 1 шілдедегі № 433 шешімі

Қазақстан Республикасы Экология Кодексінің 365-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес Жітіқара аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жітіқара ауданы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жітіқара аудандық мәслихатының төрағасы

Н. Уразалинов

Мәслихаттың

2026 жылғы 01 шілдедегі

№ 433 шешіміне қосымша

Жітіқара ауданы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер

Атауы	Жылына 1 тұрғынға жинақтау нормасы м3	Есептік бірлік	ҚТҚ қызметінің құны (ҚҚС-сыз теңге)			Барлығы (ҚҚС-сыз теңге)
			Жинау, тасымалдау	Көму	Сұрыптау	
Жайлы үйлер	1,55	Айына 1 тұрғыннан	397,26	127,12	39,96	564,34
Жайлы емес үйлер	1,91		489,53	156,65	49,24	695,42
Заңды және жеке тұлғалар үшін бірлігіне (көлеміне) жылдық тариф	-	1 м3	3075,60	984,18	309,34	4369,12